Ақсу негізгі орта мектебі бойынша волонтерлық қызметтің рөлін арттыру және дамытуға арналған
«Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының
2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыс есебі

2024-2025 оқу жылының басында «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының жаңа оқу жылға арналған жоспар құрылып, бекітілді. Ұйымға мектептің 5-9 сынып оқушылары және мектеп мұғалімдерінің ішінде жастар мүшелікке қабылданды. Мүшелікке қабылданған оқушыларға ережелер мен міндеттер түсіндірілді.

Жетекшісі – Ш.С.Өтепбергенова, мектеп тәлімгері
Мүшелері – Ж.Казиева, мұғалім
Н.М.Досмагамбетова, мұғалім
А.Қыдырбаева, мұғалім
Д.Тайборин, мұғалім
5-9 сынып оқушылары

Мектепте құрылған «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының мүшелері «Birgemiz: Taza Alem» акциясы аясында мектепте тазалау жұмыстарын жүргізілді. Қыздар сынып бөлмелерін жуып тазалап, желдету жұмыстарын жүргізді.Ер балалар мектеп ауласын тазалап, жапырақтар жинады.

Қыркүйек айында «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының жоспарына сәйкес, «Мейірімділік ошағы» акциясы аясында мектебіміздің көп балалы отбасыларынан шыққан білім алушыларға жеке шаруашылық иелері Е. Иманиязов және Қ.Тахановтардың демеушілігімен оқу құралдары сыйға берілді.

Қазан айында Қарттар күні мерекесіне орай, ауылымыздың қарты, ақ жаулықты әже Упетова Жаңылдық әжені мейрамынмен құттықтап барды. Қария балдарға өз батасын беріп, алғысын білдірді.

Қараша айында мектеп кітапханашысы Қыдырбава Айбөбек «Тәуелсіздіктің 32 жылдығына 32 қайырымды іс» 30 кітап оқы акциясын өткізді. Акция аясында оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында әр түрлі шаралар өткізілді. Шара барысында оқушылар бір – біріне өздері оқыған қызықты кітаптардың мазмұнымен бөлісті.

Тәуелсіздіктің 33 жылдығына орай, тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектеп директоры м.а.: А.Б.Исбусинова